

**"Зайсан ауданында иттер мен мысықтарды ұстау Ережесін бекіту туралы" 2004 жылғы 30 желтоқсандағы № 12-5 шешімге өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан аудандық мәслихатының 2011 жылғы 16 маусымдағы N 31-3/2 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Зайсан аудандық әділет басқармасында 2011 жылғы 01 тамызда N 5-11-138 тіркелді. Күші жойылды - ШҚО Зайсан аудандық мәслихатының 2012 жылғы 25 шілдедегі N 6-2/1 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Зайсан аудандық мәслихатының 2012.07.25 N 6-2/1 шешімімен.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабына, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Кодексінің 311 бабына сәйкес аудандық мәслихат

**Ш Е Ш Т І :**

1. Зайсан аудандық мәслихатының «Зайсан ауданында иттер мен мысықтарды ұстау Ережесін бекіту туралы» 2004 жылғы 30 желтоқсандағы № 12-5 шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2005 жылғы 21 қаңтарда № 2139 тіркелген, аудандық «Достық» газетінде 2005 жылғы 14 ақпанда № 7 жарияланған) төмендегідей өзгеріс енгізілсін:

1) Зайсан ауданында иттер мен мысықтарды ұстау Ережесінің 6 бөлімінің тақырыбы мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

«6. Атқарушы органдар, Зайсан ауданының әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Зайсан ауданының ветеринариялық қызметі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынының міндеттері».

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*А. Самарқанова*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*Н. Бейсенов*